

Қош келдің, Жаңа-жыл

Тобы: «Балдырған» аралас тобы
Тәрбиеші: Қайранова С

2024-2025оқу жылы

Жаңа жылға арналған мерекелік ертеңгілік өткізілетін, әсем безендірілген залға көңілді әуенмен балалар билеп кіреді.

Жүргізуші: Келді, міне, сағындырып далама

Келді, міне, Жаңа жыл қалама

Ән салып, жұмбақ болып, тақпақ болып.

Кәне, кәне келіңіздер

Би билеп ән салып беріңіздер!

Мерекені Жаңа жылды қарсы алып.

Ақтарайық әнменен көңіл сырын - дей келе құрметті қонақтар, ата - аналар бүгінгі жаңа жыл ертеңгілігін бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Жаңа жылдық ертеңгілігімізді ашып беру үшін балабақшамыздың меңгерушісі Өсем Алтынбекқызына сөз кезегін береміз.

Хор: «Жаңа-жыл»

Музыка әуенімен қасқыр мен қоян кіреді. Қолдарында шырша ойыншықтары бар.

Қоян: Балалар шетінен әдемі. Ой, неткен өсем шырша! Сәлеметсіздерме балалар, сәлеметсіздерме қонақтар! Біз қасқыр екеуміз осы балабақшада жаңа жыл мерекесі өтетінін біліп, шыршаны безендіруге келдік.

Қасқыр: Сәлем достар аманба

Менде келдім ортаңа

Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны

Той – маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Армысыңдар! Бармысыңдар, ағайын! Қане құшақ ашайық, достық тойын жасайық.

(Қоян мен қасқыр шыршаны безендіре бастайды.)

Жүргізуші: Шыршаны безендіруге алып келген ойыншықтарың қандай әдемі!

Осы кезде сауысқан ұшып келеді.

Түлкі: - Құтқарыңдар, құтқарыңдар. Мыстан кемпір Аяз - атаны сиқырлап тастады.

Жүргізуші: Балалар, біз Аяз - атаны құтқаруымыз керек. Егер Аяз - ата болмаса Жаңа жыл мерекесі өтпейді.

Қоян: Енде не істейміз? Қалай құтқарамыз.

Қасқыр: Түлкі, қоян жүріңдер, Аяз - атаны мыстанның сиқырынан құтқарайық. Жаңа жыл мерекесі өтпесе балалар бізге ренжиді.

Тақпақтар:

Айсәуле

1. Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Мадина

2. Жаңа жыл, Жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Мұстафа

3. Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Асқар

5. Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей
Нұр жайнаған ажары
Сағындық аяз атаны

Медина

8. Қыстың күні көңілді
Көп қызықты көреміз
Шығып алып далаға
Сырғанақты тебеміз

Бағдәулет

9. Шанамызға мінеміз,
Мәз - мәйрам бо күлеміз
Жарысамыз бәріміз
Жарасып тұр сәніміз

Асылым

10. Қорықпаймыз аяздан
Шымшыса да бетімді
Аппақ қарды кешеміз
Киіп алып етікті

Музыка әуенімен залға мыстан кемпір кіріп келеді.

Жүргізуші: Мыстан кемпір, балалардың көптен күткен Аяз - атасын жібер. Мерекемізді бұзба.

Мыстан: Менің бір шартым бар. Сол шартымды балалар орындап, жеңсе Аяз - атаны жіберемін.

Жүргізуші: Ол қандай шарт?

Мыстан: Менімен ойын ойнайсыңдар. Сол ойында мені жеңсеңдер тілектерің орындалады.

Жүргізуші: Балалар, қане, Аяз - атаны құтқару үшін, мыстанмен бірге ойын ойнап, жеңіске жетейік.

Ойын: «?»

Мыстан: Жарайсыңдар балалар! Сендер Аяз - атаны құтқардыңдар. Ендеше мен барып Аяз - атаны сиқырымнан босатайын.

Мыстан кемпір залдан қоштасып шығып кетеді.

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме балалар! Аяз - атаны көрдіңдер ме?

Балалар: Жоқ, Аяз - атаны мыстан кемпір сиқырлап тастапты.

Ақшақар: Енді не істеймін, онсыз мереке қызықты өтпейді ғой. Сендерге сыйлықты енді кім береді?

Жүргізуші: Ақшақар сен уайымдама, Аяз - ата қазір біздің ортамызға келіп қалар. Мыстан кемпір оны босатуға уәде берген.

Балалар шыршаны айналып Аяз - атаны шақырады.

Музыка әуенімен қасқыр мен қоян Аяз - атаны мерекеге алып келеді.

Аяз - ата: Амансыңдар ма балалар, аманбысың Ақшақар, амансыздар ма қонақтар. Мені көп күттіңдер ме? Қасқыр мен қоян болмаса мен жете алмас еді. Қоян, Қасқыр рахмет сендерге!

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Аяз - ата! Біздің шыршамыз жарқырамады ғой. Енді не істейміз?

Аяз - ата: Ақшақар қызым - ау. Менің сиқырлы таяғымды алып берші.

(Таяғын шыршаға тигізіп)

Аяз - ата: Шыршам, қане, жана ғой!-(дегенде шыршаның шамдары жарқырап жанады.).

Би: Қыздар биі

Жүргізуші: Аяз - ата демалып отырып, біздің балалардың тақпақтарын тамашалаңыз.

Аяз - ата: Ой! Бөрекелді, жарайсыңдар, балалар! Аталарыңды бір қуантып тастадыңдар.

Жүргізуші: Балалар бізде қазір қандай жыл?

Балалар: Ұлу жылы.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар. Ендеше біз өткен жылды ортаға шақырайық
Ұлу: Сәлеметсіңдер ме балалар. Сәндердің киімдерің қандай өдемі.

Ой, неткен әсем шырша?
Мұнда не болып жатыр?

Жүргізуші: Бүгін бізде Жаңа жыл мерекесі. Енді біз сізбен қоштасамыз, жылан жылын қарсы аламыз.

Тақпақтар:

Абдулла

Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қаттады
Жып жылтыр боп жатады
Далада қар борайды

Кәусар

13. Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр
Ата - әже, әке - ана.
Құтты болсын Жаңа жыл

Аяла

15. Ән саламыз, би билеп,
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің Жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді

Ө Айлин

16. Кең пейілді, мол мейірлі
Сағынышпен табысқан
О, алақай, аяз атай
Келе жатыр алыстан

А Айлин

18. Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

Муса

20. Жаңа жыл, Жаңа жыл
Төгілсін жаңа нұр
Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне, Жаңа жыл

Алинұр

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Жөке би: Асылым қызымыздың өсем биін қарсы алыңыздар
Жүргізуші: Балалар келе жатқан жыл қалай аталады?
- Жылын жылы.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар. Ендеше келер жылды ортаға шақырайық.
Музыка әуенімен жылан залға билеп кіреді.

Жылан: Мен Жаңа жылмын ғой! Сендердің мерекелеріңе қатты асығып келдім. Жаңа жыл мерекесі құтты болсын.

Жылан: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын сіздерді,
Балаларға сыйлық өкеп тараттым!

Жаңа жылдарың құтты болсын, ағайын.

Жүргізуші: Төрлетіңіз. Балалардың өнерлерін тамашалаңыз.

Би: Ұлдар биі «Jingle bells» биі

Тақпақтар:

Альтайыр

22. Бүгін біз көңілдіміз,

Жаңа жылды қарсы алып.

Мерекеге келгендерді

Құттықтаймыз ән салып

Айбархан

23. Аппак тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оранып

Исмайыл

24. Аязды келіп қыс

Алғашқы қар ұшты

Аппак болып үстіміз

Ақ қырау жабысты.

Дильфуза

25. Аяз ата жол салып,

Ақ боранмен алысқан.

Балаларға базарлық,

Алып келді алыстан

Мұхаммеджан

26. Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады.

Жып - жылтыр боп жатады.

Думан

28. Аяз ата тынданыз

Тақпак айтып берейік

Ортамызда шыршамыз,

Ойнап бірге, күлейік.

Қоян: Қане, бәріміз жылан жылының келу құрметіне ән салмаймыз ба?

Қасқыр: Дұрыс айтасың! Барлығымыз бірге ән салайық.

Ән: «Шырша жыры»

Қасқыр, Қоян, Ұлу, Жылан қонақтар мен және балалар мен қоштасып шығып кетеді.

Аяз - ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуанып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді де, өнерлі екенсіңдер. Киген киімдерің қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!

Қолдарын бұлғап шығып кетеді.

Балалар: Сау болыңыздар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! 2024-ші жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш алып келсін!!!

